ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

7 қыркүйек 2023 жылғы №6309-23-00-2/1922 іс Өскемен қаласы

Шығыс-Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ибраева Н.Е. оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласы, агротехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «АлАр» Борисова Надежда Александровна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Төрақсыздық айыбын төлеу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 146, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы "Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласы, агротехникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жеке кәсіпкер "АлАр" Борисова Надежда Александровнаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын төлеу туралы арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «АлАр» Борисова Надежда Александровна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «АлАр» Борисова Надежда Александровнадан талап қоюшы «Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласы, агротехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық айыбы 1284 (бір мың екі жүз сексен төрт) тенге, мемлекеттік баж салығы 38 (отыз сегіз) теңге өндірілсін.

№ 267. 01.11.2023.

Жеке кәсіпкер «АлАр» Борисова Надежда Александровнадан мемлекеттің пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай ішінде Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Шығыс қазақстан облысының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья: **Ибраева Н.Е.**

Құжатқа қол қойылған: Ибраева Н. Е., 07.09.2023

Заңды күшіне енгізілді: 17.10.2023, Судья Ибраева Н. Е., 20.10.2023

«АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ» Сот өндірісі Судопроизводство МИНИСТРЛІГІ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ МИНИСТЕРСТВО ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА